

«КЕЛІСІЛДІ»

ҚОББ бастығы

Г. Қожахметова



2021ж.

«БЕКІТІЛДІ»

«Volashaq» Академиясының

ректоры Меңлібаев Қ.Н.



2021ж.

**Қарағанды облысы және қаласы орта мектептері, лицей,
гимназияларының 11 сынып оқушыларының
«ЖАС ПЕДАГОГ, ПСИХОЛОГ-2021» сайысының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Конкурстың жалпы ережесі

1.1. Қарағанды қаласы және шағын қалалардың лицей, гимназияларының 11 сынып оқушыларының арасында «Жас педагог, психолог» сайысы «Volashaq» Академиясы мен Қарағанды облысының білім басқармасымен бірге өткізіледі.

1.2. Сайыстың мақсаты: жастар арасында педагогикалық мамандықтардың беделін көтеруге мүмкіндік туғызу және гуманитарлы білімді насихаттау, әсіресе «Педагогика және психология» мамандығын; педагогикалық және психологиялық қызметке қабілеті бар мектеп, гимназия, лицейдің жоғары сынып оқушыларын қолдау және айқындау.

1.3. Сайыстың міндеттері:

- «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ізгілік педагогикасы мен Қазақстанның гуманист-ағартушыларының ұлттық мұрасын насихаттау;

- мектептердің болашақ түлектеріне болашақ мамандықтарын таңдауда кәсіптік бағдар мен белсенді көмек көрсету;

- мектептің болашақ түлектерінің кәсіби бағытына белсенді үлес қосу;

- болашақ мамандығын таңдауға көмек көрсету;

- мектеп оқушылары арасында ғылыми білімді насихаттау;

- психологиялық-педагогикалық білімнің кәсіби маңызын арттыру, педагогикалық мамандықтың дәрежесін көтеру;

- облыстық оқу орындарымен қауымдастықтағы тығыз байланысты академияның қызмет аясында кеңейту.

1.4. «Жас педагог, психолог» сайысы 2021 жылдың ақпан айының 5-жұлдызында zoom платформасында өткізіледі.

1.5. Сайыстың комиссиясы облыстық білім беру басқармасының, қалалық білім бөлімінің, «Volashaq» Академиясының «Педагогика және психология» кафедрасының ғылыми дәрежелері бар мамандары, сондай-ақ білім беру жүйесінде үлкен тәжірибесі бар қызметкерлер құрамынан құрылады және оның жұмысының басталуына дейін академия ректоры бұйрығымен бекітіледі. Сайысқа қатысушы білім беру мекемелері Қарағанды облысының білім беру басқармасының келісімімен өз өкілдерін бақылаушы ретінде қатыстыра алады.

2. Сайысты өткізу тәртібі мен жағдайы

2.1 Әрбір оқу мекемесі командаға 11 сыныптардың 5 адамын ұсына алады.

2.2. Сайыс мазмұны

I кезең (сырттай). «Менің болашақ мамандығым – педагог, психолог» атты тақырыпта бейнебаян дайындап, **2021 жылдың қаңтар айының 21 мен 28 - жұлдызы аралығында** ұйымдастырушылардың электрондық жәшігіне жіберу керек **kafedrapip2020@mail.ru**, осы уақыттан кеш келген жұмыстар қабылданбайды. Бейнебаян ұзақтығы 3 минуттан аспауы қажет.

Сайыстың әділқазы мүшелері **үздік жұмысты** таңдап алады. Үздік таңылған жұмыстарды **2021 жылдың 29-ші қаңтарында академияның сайтынан** көруге болады (**kubolashak.kz.**).

Сырттай кезеңде жеңімпаз атанған **10 команда 5 ақпан күні zoom** платформасында өтетін екінші кезеңге шақырылады.

Бағалауда қойылатын негізгі критериилері:

- ақпараттың толықтылығы;
- техникалық орындау деңгейі;
- композиция;
- жұмысты орындаудағы дербестігі;
- креативтілігі;
- шынайылығы;
- шығармашылық көзқарастың болуы.

II кезең (zoom платформасы бойынша) 2021 жылдың ақпан айының 5-жұлдызында өткізіледі және онда **екі тапсырма** орындау керек болады. **Сырттай кезеңнен өткен командалар ғана zoom платформасына шақырылады.** Қалған қатысушылар тек көрермен ретінде ғана қатыса алады.

Сайыстың күндізгі бөлім тапсырмалары:

1) Визитка «Сәлеметсіздер ме, бұл біз» - команда мүшелерінің презентациясы және олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің көкжиегін көре білуі. Қойылым уақыты - 5 мин.

Бағалау критериилері:

- «Жас педагог- психолог» сайысының тақырыбына сәйкестігі;
- қатысушылардың шеберлігі;
- қатысушылар ойлауының шығармашылығы;
- өзіндік ерекшелігі;
- команда мүшелерінің іс-әрекеттерін үйлестіру;
- педагог, психолог мамандықтарының маңыздылығын насихаттау.

2) **Үй тапсырмасы «Ұжымдық шығармашылық жұмыс (ҰШЖ)» таңдауға байланысты** (музыка, поэзия, кескіндеме және т.б құралдарын пайдалану; барлық топ мүшелері спектакльге қатысуы керек).

- «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру»;
- «Педагог- жұмыс па әлде өнер ме»;
- «Барлығы балаларға деген махаббаттан басталады»;
- «Менің өмірімде мұғалімнің алатын рөлі»;
- «Менің арманым психолог болып жұмыс істеу».

Әр қатысушыларға берілетін уақыты – 10 минут.

Тапсырманы орындауға қойылатын критериилері (1-10 балл):

- әзірлеменің заманауи талаптарға сәйкестігі;
- сахна шеберлігі;
- тақырыпты ашудағы шынайылығы мен креативтілігі;
- ҰШЖ педагогикалық мазмұнын ашу, жалпы педагогикалық және психологиялық эрудицияны пайдалану;
- композициялық құрылымы;
- орындаушылықтың көркемдік безендірілуі (костюмдер, декорациялар).
- нәтижеге жетудің тәсілдері және тапсырма мақсатын түсінуі.

3. Сайыстың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі

Жүлдегерлермен жеңімпаздар сертификаттармен марапатталады.

Орын алған команда мүшелері:

1 орын – бірінші курста оқуға тегін оқу ректордың **гранты** беріледі;

2 орын – бірінші курста оқуға **50%** жеңілдік беріледі;

3 орын – бірінші курста оқуға **25%** жеңілдік беріледі.

Жетекшілерге мадақтау қағаздары, әкімшілікке алғыс хаттар беріледі.

Жеңімпаздардың сертификаттары тек күндізгі бөлім студенттеріне жарамды.

Сайысқа қатысуға тапсырысты 2021 жылдың қаңтар айының 20-шы жұлдызы сағат 17.00-ге дейін мына электронды поштаға kafedrapip2020@mail.ru жіберу керек. Тапсырыс үлгісі қосымшада беріледі (сканерленген түрде).

Сайыстың бейнебаянын электронды түрде 2021 жылдың 21 мен 28 қаңтар аралығында pip.kafedra@bk.ru электронды поштаға салу керек.

Сайыстың барлық сұрақтары бойынша «Volashaq» Академиясы, Әкімшілік ғимараты, Ленин көшесі 17, «Педагогика және психология» кафедрасы, 311 - кабинетке тел. 42-04-25 (ішкі байланыс номері – 311) немесе сайысқа жауапты

Диянова Рахат Телубаевна ұялы тел. (тел. +7777-052-43-30, +7701-349-41-44) хабарласуға болады.

«Volashaq» академиясының стратегиялық даму жөніндегі проректоры

Г.М. Рысмагамбетова

ҒЖ және ХЫ жөніндегі проректоры «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі

Х.К. Уразбаев

«Volashaq» академиясының заңгері Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

Д.С. Асакаева

А.А. Кусаинова

Б.А. Абылбаева